

1-блок

1. Инвестицияның құқықтық және экономикалық тұрғыдағы анықтамаларының арақатынасын сипаттаңыз. Инвестицияның белгілерін атаңыз.
2. Инвестицияның түрлері. Тікелей және портфельдік инвестицияларды түсіндіріңіз. Инвестиция және шетелдік инвестиция түсініктерінің арақатынасын ашып көрсетіңіз.
3. Инвестициялық қызметтердің түсінігі және ерекшеліктерінашып көрсетіңіз. Инвестициялық қызметтердің принциптерін атаңыз.
4. Инвестициялық құқықтың құқықтық құрылым ретіндегі ерекшеліктерін сипаттаңыз. Инвестициялық құқықтың дамуының негізгі кезеңдерін атаңыз.
5. Инвестициялық құқықтың реттеу пәнінің құрылымын сипаттаңыз. Инвестициялық құқықтың реттеу пәнінің сабақтас құқық салалары пәнімен арақатынасын көрсетіңіз. Инвестициялық құқықтың реттеу әдістері атап беріңіз. Олардың қолданылу ерекшеліктерін атаңыз.
6. Инвестициялық құқықтың қағидаларына таңыз. Қағидаларға жеке-жеке сипаттама беріңіз. Инвестициялық құқықтың жүйесінің институттарын атап көрсетіңіз.
7. Қазақстан Республикасы инвестициялық заңдарының даму кезеңдерін атаңыз және қазіргі жағдайынашып сипаттаңыз. Инвестициялық заңнаманың екінші кезеңі, 1994 жылы 27 желтоқсанда енгізілген заңнаманың ерекшелігін атап өтіңіз.
8. Кәсіпкерлік құқық пен инвестициялық құқықтың өзара байланыстылығын сипаттап беріңіз. Инвестициялық құқықтың өзге құқық салаларымен ара қатынасын ашып жазыңыз.
9. Инвестициялық құқықтың функцияларын атап және оларға сипаттама беріңіз. Инвестициялық құқықпен реттелінетін қоғамдық қатынастарды ашып, сипаттап беріңіз. Инвестициялық құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін сипаттаңыз.
10. Инвестициялық заңнаманың тарихына жүгінсек, 24.12.1994 жылы "Шетелдік инвестициялар" туралы заңның қабылдануының мақсатын көрсетіңіз. Шетелдік инвестициялар туралы заңның құрылымына сипаттама беріңіз. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасы дамуындағы үшінші кезеңін тұжырымдаңыз.
11. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсатын атаңыз. Тарихи талдау: "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" заңның мазмұнына талдау жасаңыз. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚР Кәсіпкерлік Кодекстің 25-тарауының «Инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау» мазмұнына талдау жасаңыз.
12. Мемлекеттік және жеке инвестициялардың айрықша белгілерін атаңыз. Шетелдік және ұлттық инвестицияларға сипаттама беріңіз.
13. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестицияға сипаттама беріңіз. Жоғары және төмен тәуекелді инвестициялардың ерекшелігін атаңыз.
14. Шетелдік және ұлттық инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сай құқықтық жағдайының ерекшеліктерін атаңыз.
15. Инвестициялық шарттардың классификациялық критерийлерін көрсетіңіз. Инвестициялық шартқа сипаттама беріңіз және негізгі инвестициялық шарттардың түрлерін атаңыз.

16. Сыртқы экономикалық инвестициялық шарттардың ерекшелігін атаңыз. Сыртқы экономикалық инвестициялық шарттарға қойылатын талаптарды көрсетіңіз, оларға сипаттама беріңіз.
17. Инвестициялық келісім шарт ретінде мемлекеттік қарыз келісім шартына сипаттама беріңіз.
18. Лизинг келісім шартының айрықша белгілерін атаңыз. Лизингтің негізгі түрлерін сипаттаңыз.
19. Инвестициялық келісім шарттын бұзған жағдайда, оны бұзған тараптың іс-әрекетін жіктеп атаңыз.
20. Инвесторлардың құқықтарын қорғау ерекшеліктерін ашып көрсетіңіз. Инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау әдістерін ашып көрсетіңіз.

2-блок

21. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барасында кедендік баждарға байланысты ерекшеліктері мен талаптарын атап өтіңіз. “Шетел инвесторлары” және “сыртқы экономикалық қызмет субъектісі” түсініктерінің арақатынасын ашып көрсетіңіз.
22. Қазақстан Республикасында шетел инвесторларының инвестициялық қызметті жүзеге асыру нысандарын атаңыз. Шетелдік қатысушысы бар кәсіпорындарының құқықтық мәртебесін көрсетіңіз. Шетелдік қатысушысы бар заңды тұлғаны құру тәртібін талдап беріңіз.
23. Инвестициялық контракт түсінігі. Оның құқықтық табиғатын сипаттаңыз. “Контракт”, “шарт”, “мәміле” түсініктерінің арақатынасын талдаңыз.
24. Инвестициялық контрактілерінің объектілерінің құрылымын сипаттаңыз. Инвестициялық контрактілердің субъектілерін атаңыз. Инвестициялық контрактілерінің мазмұнын ашыңыз.
25. Берілген инвестициялық контрактілердің мазмұнын ашып көрсетіңіз: Жер қойнауы саласындағы инвестициялық контрактілер; Преференциялар беру жөніндегі контрактілер (Бекітілген инвесторлармен).
26. Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсатын атаңыз. Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын уәкілетті органның құзіретін атаңыз.
27. Инвестициялық преференциялар түсінігіне анықтама беріңіз. Преференциялардың түрлеріне талдау жасаңыз: Салықтық преференциялар; Кеден баждарынан босату; Мемлекеттік заттай гранттар.
28. Инвестицияның жүзеге асырылуының нысанын атаңыз. Инвестициялаудың объектілеріне байланысты инвестициялаудың нысандарына сипаттама беріңіз.
29. Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімге қойылатын талаптарды көрсетіңіз. Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімді қарау мерзімдерін атаңыз.
30. Инвестициялық омбудсмен түсінігіне анықтама беріңіз. Инвестициялық омбудсменнің функцияларын атаңыз және талдау жасаңыз.
31. Инвестициялық омбудсменнің құқықтық мәртебесін көрсетіңіз. Инвестициялық омбудсменнің құқықтары мен міндеттеріне талдау жасаңыз.
32. Мемлекеттік органдардың инвесторларға қатысты қызметінің жариялылығы және инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты ақпаратқа инвесторлардың қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселесіне талдау жасаңыз.

33. Бағалы қағаздар - инвестициялық құқытық қатынастың объектісі ретінде. Еліміздегі қор нарығының даму кезеңдерін атаңыз. Қазіргі жағдайына талдау жасаңыз.
34. Қазақстан Республикасының аумағында инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдіктерін сипаттаңыз. Кірістерді пайдалану кепілдіктеріне сипаттау жасаңыз.
35. Жер қойнауы инвестициялық құқытық қатынастың объектісі ретінде. Жер қойнауын пайдалану құқығы. Жер қойнауын пайдалану операцияларының түрлеріне сипаттама беріңіз.
36. Жер қойнауын пайдаланушы инвестордың құқығы мен міндеттерін атаңыз. Жер қойнауы саласына инвестициялаудың маңызы. Жер қойнауына инвестициялар салудың ерекшеліктері.
37. Шетелдік және ұлттық инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сай құқықтық жағдайының ерекшеліктерін атаңыз.
38. Мемлекетаралық инвестициялық қатынастар саласында негізгі халықаралық ұйымдарды атаңыз. Халықаралық инвестициялық үрдіске трансұлттық корпорациялардың қатысу ерекшеліктерін анықтаңыз.
39. Келісімшарт жасаудың сатыларын сыпаттаңыз. Келісімшарт жасау мен орындаудың белгілерін көрсетіңіз. Келісімшартты орындамау немесе тиісінше орындамаудың зардаптарын сипаттаңыз. Келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатудың зардаптары қандай, оған сипаттама беріңіз.
40. Инвестициялық шарттардың түрлерін атаңыз. Көрсетілген шарттарға жеке-жеке сипаттама беріңіз: Сыртқы экономикалық инвестициялық шарт. Мемлекеттік қарыз шарты. Банк қарызының шарты. Лизинг шарты. Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты.

3-блок

41. Тәжірибелік сұрақ: «ASU» компаниясы «Қазақстан» сауда үйі» ЖШС-дан үкіметтік қарызды иемденуге құқық алды. Қарыз 2011 жылы Сауда үйінің кепілдігімен Ақмола облысына ауыл шаруашылық жұмыстарына инвестиция бөліп, жүргізгенде пайда болған. Бірақ ауыл шаруашылық кәсіпорны қарызды қайтара алмаған соң, «Қазақстан» сауда үйі» ЖШС жеткізушіге 977 тонна бензин, 310 тонна дизель қайтарған. 2.09.2012 жылы ҚР Жоғарғы соты Ақмола облысының әкімдігіне қарызды тауар немесе ақшалай түрінде қайтаруды міндеттеген болатын. Бірақ Жоғарғы соттың шешімі орындалмады. «Қазақстан» сауда үйі» ЖШС-дан құқығын алған швейцариялық «ASU» компаниясы 2011 жылы Лугано қаласындағы сотқа ҚР үкіметіне қарсы арыз түсірді. Швейцариялық сот арызды қанағаттандырып, ҚР үкіметіне қарызды қайтаруды міндеттейді. Кері жағдайда соттың ҚР шетелдегі мүлігіне шектеу салуына құқығы бар. Өз кезегінде ҚР Бас прокуратурасы ҚР Жоғарғы сотының шешіміне қарсы шықты. ҚР Жоғарғы сотының қадағалау коллегиясы өз шешімінде ҚР Бас прокуратурасын қолдады.
 1. ҚР Үкіметіне қарызды қайтаруға міндеттеу заңға сай ма?
 2. Іс оң шешімін тапқан жағдайда ҚР шетелдегі мүлкіне шектеу салуға бола ма?
42. Тәжірибелік сұрақ: «Ақтан» компаниясы өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру мақсатында жасасқан келісімшарт негізінде инвестициялық преференцияға, яғни

Салықтар бойынша преференцияларға ие болған болатын. Бірақ та инвестициялық келісімшарт жасасқан сәттен бастап инвестициялық келісімшарттың біршама талаптары орындалмады.

1. Осы жағдайда инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның арықарайғы әрекеті қандай болады?

2.

Инвестициялық келісімшарт бұзылатын болса инвесторға қандай міндеттемелер жүктелуі мүмкін?

43. Тәжірибелік сұрақ: «Ақсай» ЖШС-і 2015 жылы инвестициялық басым жобаларды іске асыру мақсатында жасасқан инвестициялық келісімшарт негізінде қызмет атқарады және де соның негізінде Салықтар бойынша преференцияларға ие болған болатын. Бірақ та 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілді.

Осы өзгерістердің «Ақсай» ЖШС-інің жасасқан инвестициялық келісімшартына әсіресе ма? Жауабыңызды негізденіз.

44. Тәжірибелік сұрақ: Инвестициялық келісімшарт шеңберінде инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы өзінің инвестициялық қызметін жүзеге асыру мақсатында шетелден технологиялық жабдықтардың қосалқы бөлшектерін импорттайтын болды.

Бұл жағдайда инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы қандай жеңілдіктерге ие бола алады? Жауабыңызды негізденіз.

45. Тәжірибелік сұрақ: Инвестициялық келісімшарт шеңберінде инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Мемлекеттік заттай грант ретінде машиналар мен жабдықтарды алған болатын. Бірақ та инвестициялық келісімшарт жасасқан сәттен бастап инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы келісімшарт талаптарын орындамаған болатын. Осының негізінде инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық келісімшартты заң талаптарына сәйкес бұзған болатын.

Бұл ретте инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы өзіне мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті қалай және қандай формада қайтаруы тиіс? Жауабыңызды негізденіз.

46. Тәжірибелік сұрақ: Қазақстан Республикасы Алматы облысы Ескелді ауданына байланысты ауылдық округте ұзақ уақыт бойы екі қабатты ғимарат пайдаға аспай, бос тұр. Қазақстан Республикасының азаматы Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлы өзінің инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында, мемлекеттен осы ғимаратты пайдалануға байланысты сұраныс жасады.

Қазақстан Республикасының азаматы Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлы инвестициялық жобаның толыққанды іске асуына байланысты, ғимаратты мемлекеттің заттай гранты ретінде пайдалануға рұқсат етіледі ма және осы рұқсатнама беру үшін қандай талаптарға сай келу керек?

47. Тәжірибелік сұрақ: Қазақстан Республикасының азаматтары Сүлейменов Олжас пен Абденов Мирас «Silk Road» логистикалық компаниясын 2015 жылдың сәуір айында құрған. Бұл компания Алматы қаласы Медеу ауданына байланысты тіркелген. Компания Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының тұтынушыларымен тікелей жұмыс атқарады. Қытай Халық Республикасында инновациялық жобаларға байланысты байқаудан «Silk Road» компаниясы жүлделі орынға ие болады және Қытай Халық Республикасының азаматы, осы жобаға инвестиция салуға ұсыныс жасайды.

Бұл инновациялық жобаға салынған инвестиция қай мемлекеттің шартына сай келісім шарт жасалады?

48. Тәжірибелік сұрақ: Қазақстан Республикасының азаматы, заңды тұлға Сарсенов Бекет Азатұлына Маңғыстау облысы Ақтау қаласына байланысты мемлекеттік заттай грант ретінде 5 қабатты ғимарат инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында беріліп отыр. Алайда басты мәселе ретінде, бұл ғимараттың нарықтағы бағалау құны осы жобаға салынған инвестицияның 50% құрап отыр. Осы жобаға бұл ғимарат мемлекеттік заттай грант талабына сай келеді ма? Мемлекеттік заттай гранттарды беру талаптарына тоқталып өтіңіз?
49. Тәжірибелік сұрақ: Қазақстан Республикасының азаматы Мұсаханов Ерзат Әмірұлы 2012 жылы әлемдік инновациялық жобалар байқауынан белді орындарға ие болып, Италия мемлекетінің инвесторы осы жобаға қомақты көлемде инвестиция салады. Алайда 2015 жылы қандай да бір себептермен Италия мемлекетінің азаматы, инвестор мерзімнен бұрын келісім шартты бұзуға ұсыныс жасайды. Келісім шартты бұзу тәртібіне сай Италия мемлекетінің азаматы, инвестор Қазақстан Республикасының азаматы Мұсаханов Ерзат Әмірұлының жобасына байланысты, оның ішінде салықтарға байланысты не істеу қажет?
50. Тәжірибелік сұрақ: Германия мемлекетінің азаматы Шамбер Константин «Ипотекалық тұрғын» жобасына Қазақстан Республикасының «VI Group» құрылыс компаниясының жобасына қомақты қаржы көлемін салуды жөн көрді. Екі тарап арасында келісім шартты жүзеге асыратын бағдарлама немесе қызмет түрін атаңыз?
51. Тәжірибелік сұрақ: «РНС» компаниясы «Сарыарқа» ЖШС-дан үкіметтік қарызды иемденуге құқық алды. Қарыз 2012 жылы «Сарыарқа» ЖШС-ның кепілдігімен Қарағанды облысына ауыл шаруашылық жұмыстарына инвестиция бөліп, жүргізгенде пайда болған. Бірақ ауыл шаруашылық кәсіпорны қарызды қайтара алмаған соң, «Сарыарқа» ЖШС жеткізушіге 893 тонна бензин, 201 тонна дизель қайтарған. 05.10.2013 жылы ҚР Жоғарғы соты Қарағанды облысының әкімдігіне қарызды тауар немесе ақшалай түрінде қайтаруды міндеттеген болатын. Бірақ Жоғарғы соттың шешімі орындалмады. «Қазақстан» сауда үйі» ЖШС-дан құқығын алған канадалық «РНС» компаниясы 2012 жылы Торонто қаласындағы сотқа ҚР үкіметіне қарсы арыз түсірді. Канадалық сот арызды қанағаттандырып, ҚР үкіметіне қарызды қайтаруды міндеттейді. Кері жағдайда соттың ҚР шетелдегі мүлкіне шектеу салуына құқығы бар. Өз кезегінде ҚР Бас прокуратурасы ҚР Жоғарғы сотының шешіміне қарсы шықты. ҚР Жоғарғы сотының қадағалау коллегиясы өз шешімінде ҚР Бас прокуратурасын қолдады.
1. Бұл іс үшін қандай ақпараттар жетпей тұр ма? Қандай ақпараттар қажет?
 2. Бұл істі шешу үшін инвестиция саласын реттейтін қандай нормативтік құқықтық актілер қолдану керек?
52. Тәжірибелік сұрақ: Қандай инвестициялық даулар Қазақстан Республикасының Жоғары сотында қаралуға жатады? Даудың субъектілерін қысқаша сипаттаңыз.
53. Тәжірибелік сұрақ: Қандай инвестициялық істер бірінші инстанция соты тәртібінде Астана қаласының сотында қаралуы тиіс? Өзге де инвестициялық дауларға не жатады? Талдау жасаңыз.
54. Тәжірибелік сұрақ: Азамат Аркаровтың инвестициялық жобасы бар. Алайда оған инвесторларды тартуға байланысты көмек қажет. Жеке тұлғаның инвестициялық жобасын қайда орналастыруға болады?
1. Жобаны орналастыруды кім жүзеге асырады?
 2. Жобаны орналастыру талаптары қандай?
55. Тәжірибелік сұрақ: «Асыл» ЖШС Алматы-Бішкек тас жолын салудағы инвестициясының көлемі 20 млн. теңге болды. Сонымен қатар ол мемлекеттен 6 млн. теңге болатын жол төсеу құралдарын тегін негізде жалдап алды. Кәсіпорынға жол төсеу құралдарын беру шарттары қандай негізде орындалған?

56. Тәжірибелік сұрақ: «Ижевск» компаниясы өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру мақсатында жасасқан келісімшарт негізінде инвестициялық преференцияға, яғни Салықтар бойынша преференцияларға ие болған болатын. Бірақ та инвестициялық келісімшарт жасасқан сәттен бастап инвестициялық келісімшарттың біршама талаптары орындалмады.
1. Бұл ретте инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның әрекеті қандай болуы тиіс?
 2. Инвестициялық келісімшарт бұзылатын болса инвесторға қандай міндеттемелер жүктелуі мүмкін?
57. Тәжірибелік сұрақ: Қызылорда облысы Шиелі ауданына қарасты ауылдық округте ұзақ уақыт бойы екі қабатты ғимарат пайдаға аспай, бос тұр. Азамат Тленчиев М.Ж. өзінің инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында, мемлекеттен осы ғимаратты пайдалануға байланысты сұраныс жасады.
- Азамат Тленчиев М.Ж. инвестициялық жобаның толыққанды іске асуы үшін ғимаратты мемлекеттің заттай гранты ретінде пайдалануға алуға құқылыма және осы бұл мақсатта рұқсатнама беру үшін қандай талаптарға сай келу керек?
58. Тәжірибелік сұрақ: Азамат Айтжанов С. 2013 жылы әлемдік инновациялық жобалар байқауынан жүлделі орындарға ие болып, Италия мемлекетінің инвесторы осы жобаға қомақты көлемде инвестиция салады. Бірақ, 2015 жылы белгілі-бір себептермен Германиялық инвестор мерзімнен бұрын келісім шартты бұзуға ұсыныс жасайды.
- Келісім-шартты біржақты негізде бұзудың тәртібі және салдары қандай? Келісім шартты бұзу тәртібіне сай Германиялық инвестор Қазақстан Республикасының азаматы С. Айтжановтың жобасына байланысты, оның ішінде салықтарға байланысты не істеу қажет?
59. Тәжірибелік сұрақ: «Wells Fargo» компаниясы «Кастинг» ЖШС-дан үкіметтік қарызды иемденуге құқық алды. Қарыз 2012 жылы «Кастинг» ЖШС-ның кепілдігімен Жамбыл облысына ауыл шаруашылық жұмыстарына инвестиция бөліп, жүргізгенде пайда болған. Бірақ ауыл шаруашылық кәсіпорны қарызды қайтара алмаған соң, «Кастинг» ЖШС жеткізушіге 817 тонна бензин, 512 тонна дизель қайтарған.
- 26.07.2013 жылы ҚР Жоғарғы соты Жамбыл облысының әкімдігіне қарызды тауар немесе ақшалай түрінде қайтаруды міндеттеген болатын.
- Бірақ Жоғарғы соттың шешімі орындалмады.
- «Қазақстан» саудауіі» ЖШС-дан құқығыналған бельгиялық «Wells Fargo» компаниясы 2012 жылы Брюссель қаласындағы сотқа ҚР үкіметіне қарсы арыз түсірді. Бельгиялық сот арызды қанағаттандырып, ҚР үкіметіне қарызды қайтаруды міндеттейді. Кері жағдайда соттың ҚР шетелдегі мүлкіне шектеу салуына құқығы бар.
- Өз кезегінде ҚР Бас прокуратурасы ҚР Жоғарғы сотының шешіміне қарсы шықты. ҚР Жоғарғы сотының қадағалау коллегиясы өз шешімінде ҚР Бас прокуратурасын қолдады.
- Сұрақтар:
1. Қандай құқықтар бұзылды?
 2. Қандай құқық нормасы негізінде бұл құқық бұзушылықты қарау жүзеге асырылады?
60. Тәжірибелік сұрақ: Кәсіпкерге Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтарында бизнесті жүргізуінде және инвестиция салуында қандай пайда бар?
1. Арнайы экономикалық аймақ деп нені белгілейміз?
 2. Арнайы экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру шарттары қандай?

